

Казталов аудандық мәслихатының 2009 жылғы 22 сәуірдегі N 16-3 "Аудан бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Казталов аудандық мәслихатының 2011 жылғы 3 тамыздағы N 41-3 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2011 жылғы 18 тамызда N 7-8-130 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Казталов аудандық мәслихатының 2012 жылғы 30 шілдедегі N 7-2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Казталов аудандық мәслихатының 2012.07.30 N 7-2 Шешімімен

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексін, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңын басшылыққа алып, Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінің 2011 жылғы 28 сәуірдегі N 4-3725 санды Заңның бұзылуын жою туралы ұсынысын қарап, Казталов аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Казталов аудандық мәслихатының "Аудан бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" 2009 жылғы 22 сәуірдегі N 16-3 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 7-8-87 тіркелген, 2009 жылғы 18 мамырдағы "Ауыл айнасы" газетінде N 24 жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

- 1) 1 тармақта:
- 2) тармақшасындағы "5 мыңнан 20 мың теңгеге дейін" сөздер "7 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;
 - 4) тармақшасындағы "20-25 айлық есептік көрсеткішке дейін" сөздер "25 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;
 - 6) тармақшасындағы "10 мың теңгеден 20 мың теңгеге дейін" деген сөздер "10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;
 - 7) тармақшасындағы "10-20 айлық есептік көрсеткішке дейін" деген сөздер "34 айлық есептік көрсеткішке дейін" деген сөздермен ауыстырылсын;
 - 8) тармақша алынып тасталсын;

2) 2 тармақта:
бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Аудан бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына ай сайынғы берілетін әлеуметтік көмек төмендегі мөлшерде беріледі:";

2) тармақша алынып тасталсын.
2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.
Сессия төрағасы *М. Тоясов*
Аудандық *мәслихат*
хатшысының ө.у.а. *М. Мырзағалиев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК